

"Атырау облысындағы алғашқы интеграцияланған газ-химиялық кешенінің инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы" жобасын іске асыру үшін бөлінген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қарашадағы N 1965 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 193-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына сәйкес 053 "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына Атырау облысындағы алғашқы интеграцияланған газ-химиялық кешенінің инфрақұрылымы объектілерінің құрылысына кредиттік ресурстар беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына берілген бюджеттік кредит мынадай:

- 1) бюджеттік кредитті игеру кезеңін 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту;
- 2) есептелген сыйақыны капиталдандыра отырып, сыйақы төлеу мерзімін 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейін кейінге қалдыру;
- 3) бюджеттік кредиттің мерзімін 20 жылдан 21 жылға дейін ұлғайту;
- 4) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдік кезеңін 6 жылдан 7 жылға дейін ұлғайту;

5) "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Түпкілікті қарыз алушы) үшін "Атырау облысындағы алғашқы интеграцияланған газ-химиялық кешенінің инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы" жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыру мақсатында мынадай:

Жобаны қаржыландыру үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат бөлу туралы оң шешім болған;

Түпкілікті қарыз алушы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне Қытайдың Экспорт-Импорт Банкі мен "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы арасындағы бас келісім шеңберінде "Атырау облысындағы алғашқы интеграцияланған газ-химиялық кешенінің инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы" жобасын қаржыландыру жөніндегі Қытайдың Экспорт-Импорт Банкінің ниетін растайтын құжаттарды тапсырған жағдайда бюджеттік кредит қаражатын игеруге қол жетімділік шарттарымен қайта құрылымдалсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі тиісті қосымша келісім жасалуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ